

А г р о н о м

Ұясына кіріп күн,
Қас қарайып болды ымырт.
Клубында кодхоздың
Лықа толы отыр жұрт,

Тұрды төрде бір адам,
Қара костюм киінген,
Атлас көйлек, ақ жаға,
Көк галстук түйілген.

Омырауда ордені,
Нұрланып Ильич шамымен.
Сөйлеп тұрды ол көпке,
Әлде нені бабымен.

Айтады Дарвин, Мичурин
Ғылымның табысын.
Сан сорт тапқан жаңадан
Лысенконың әдісін.

Бұл кім екен?
Әлде оны —
Астанадан көргем бе?
Академик я доктор,
Әлде лектор келген бе?

Әлгі адамның есімін
Білу болып арманым,
Қасымдағы көршіме
Дедім:

— Мынау қай ғалым?

Көршім менің бетіме
Қарады да таңданып.
Деді:
— Осы колхоздың
Агрономы Әлжанов.

Бүркіт СҚАҚОВ

Социалистік Қазақстан. - 1950. - 16 июль (№ 154). - 3 б.